

Есберген АЛАУХАНОВ
Дуппа ӘЛИЕВ
Талғат МУСТЕКЕНОВ

Азаптау

(криминологиялық аспектілері)

Монография




Алматы
2008

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**Есберген АЛАУХАНОВ
Дуппа ӘЛИЕВ
Талгат МУСТЕКЕНОВ**

**АЗАПТАУ:
(КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ)**

Монография



**Алматы
2008**

ББК 67.52.

А 39

**Қазақстан криминологтар ассоциациясы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**

Жауапты редакторы:

Алауханов Есберген Оразұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Рецензенттер:

Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қарағанды «Болашақ» университетінің ректоры.

Сыздық Болат Кенелұлы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қарағанды «Болашақ» университеті Қылмыстық құқық және іс жүргізу
кафедрасының меңгерушісі

Маликова Шолпан Балтабекқызы, ҚазҰУ-дың заң факультетінің аға
оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті заң факультетінің
ғылыми кеңесінің шешімімен басуға ұсынған.

Авторлар:

Алауханов Есберген Оразұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор

Әлиев Дунпа Мамырұлы, социология ғылымының кандидаты, доцент

Мүстекенов Талгат Тұрайұлы, Ақтобе университетінің оқытушысы,
ізденуші

АЗАПТАУ

(криминологиялық аспектілері)

Монография. – Алматы, ҚазАқпарат, 2008. 236 бет.

А 39

ISBN 978-601-03-0006-4

Бұл жұмыста кешенді түрде азаптаудың қылмыстарын, яғни қылмыстарын
саралау және алдын алу мәселелері монографиялық деңгейде кешенді
карастырылып отыр. Оқырманға толықтай мәлімет беру мақсатында автор
зорлық қылмыстылығының соңғы жылдардағы деңгейіне, динамикасына және
құрылымына да тоқталып өткен.

Кітап жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларына, сондай-ақ
сот, прокуратура, ішкі істер және т.б. құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне
арналған.

Автордың келісімінсіз бұл еңбекті немесе оның бір бөлшегін шығаруға тиым
салынады және заң жүзінде қудаланады.

А 1203021100

00(05)-08

ISBN 978-601-03-0006-4

ББК 67.52.

© ҚазАқпарат, 2008

МАЗМҰНЫ

Қыскартулар мен белгілеулер	4
Кіріспе	5

1. АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ (АЗАПТАУДЫҢ) ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕГІ (СИПАТТАМАСЫ)

1.1 Адамның жеке басына қарсы қылмыстар (азаптау) туралы заңдардың дамуы	12
1.2 Адамға қарсы зорлықты қылмыс ретінде азаптау ұғымына және оның белгілеріне қазіргі көзқарас	21

2. АЗАПТАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Азаптаудың объективтік белгілерінің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы	44
2.2 Азаптаудың субъективтік белгілерінің қылмыстық-құқықтық сипаттамасы	59
2.3 Азаптаудың саралаушы белгілерінің сипаттамасы	94

3. АЗАПТАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОДАН САҚТАНДЫРУ

3.1 Азаптауға ұшырататын жағдайлар мен мән-жайлар	115
3.2 Азаптаудың алдын алу	140
ҚОРЫТЫНДЫ	162
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	166

ҚОСЫМША-1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы	181
--	-----

ҚОСЫМША-2

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы	203
--	-----

ҚОСЫМША-3

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы	213
--	-----

ҚОСЫМША-4

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы	220
--	-----

Белгілеулер мен қысқартулар

- АҚШ – Америка Құрама Штаттары
БҒМ – Білім және ғылым министрлігі
КПБ – Криминалдық полиция басқармасы, бөлімі
ҚАЛАУДІІБ – Қалалық, аудандық ішкі істер бөлімі
ҚАЛАУДЖҮЙІБ – Қалалық, аудандық және жүйелік
ішкі істер бөлімі
КК – Қылмыстық кодекс
ҚҚБ – Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі
ҚҚБ – Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы
ҚМ – Қорғаныс министрлігі
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚСЖАЕК – Құқықтық статистика және арнайы есеп
комитеті
ОҚО – Оңтүстік Қазақстан облысы
РКСФСР – Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік
Республикасы
ТБ – Тергеу басқармасы, бөлімі
ТҚД – Техникалық қызмет департаменті
ІІД – Ішкі істер департаменті
ІІМ – Ішкі істер министрлігі
ШҚО – Шығыс Қазақстан облысы

КІРІСПЕ

Зорлық көрсету қылмыстарын, атап айтқанда, азаптауды зерттеуге және оның алдын алу, одан сақтандыру проблемаларына арналған. Жұмыста зорлық көрсету қылмыстарының әлеуметтік-құқықтық тегі зерделенген, оларға қылмыстық-құқықтық сипаттама берілген, оларды жасаудың тетігі, қылмыскер мен жәбірленуші арасы ашып қарастырылған.

Қылмыстық Кодекстің 1-тарауында (Жеке адамдарға қарсы қылмыстар) көзделген қылмыстар нысандарының аса маңыздылығы көрсетіліп отыр. Адамның құқықтары мен бостандығын Қазақстанда Конституция қорғайды (12-бап). Қылмыстық заңның маңызды міндеттерінің бірі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын қорғау (ҚК-нің 2-б. 1-бөлігі), сондықтан да олар – Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімі адамның жеке басына қарсы қылмыстар, оның ішінде «азаптау» бойынша қылмыс құрамы көзделген 1-тараумен басталады.

Денсаулық – адамның басты байлығы, бірақ қазіргі кезде зорлықты қылмыстар, әсіресе азаптау кең етек алып барады, сондықтан да бұл мәселе мемлекетті толғандыруға тиіс. Зорлықты қылмыстар ошақ басында немесе кездейсоқ, табанасты жасалумен қатар алдын ала ойластырылып, қарулы топ құрылып, азаптаудың қатыгез тәсілдері қолданылып та жасалуда.

ҚК-нің 107-бабында көзделген қылмыстар күннен күнге көбеюде, олар барған сайын қатыгездік сипат алуда.

Мысалы, 107-бапта көзделген қылмыстың Қазақстан Республикасында:

2002 жылы – 37 фактісі; 2003 жылы – 42 фактісі; 2004 жылы – 50 фактісі; 2005 жылы – 58 фактілері тіркелген.

ҚР Конституциясының 22-бабында адамның өз бостандығына, денсаулығын қорғауына құқығы жарияланған. Ал, адам денсаулығына қол сұғу әрекеті, әсіресе адамды азаптау сияқты қылмыстар, автордың пікірінше, жете зерттелмей отыр.

Бұл жағдай азаптау үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту проблемасының маңыздылығы артатындығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын орындаудың атқарар орны үлкен. Себебі ол қоғамдағы адамдар арасындағы қатынасты реттейтін негізгі ережелерге әсерін тигізуші құрал болып табылады.

Қазақстан Республикасында жалпы қылмыстардың жасалу саны әлі де болса өз қарқынын жоғалта қойған жоқ. Арнайы мәліметтерге жүгіне отырып, соңғы өткен 10 жыл аралығын алып қарасақ, Қазақстанда 1995 жылы – 183 977, 1996 жылы – 162 491, 1997 жылы – 142 100, 1998 жылы – 162 494, 1999 жылы – 139 431, 2000 жылы – 150 790, 2001 жылы – 152 168, 2002 жылы – 135 151 қылмыс, 2003 жылы – 118 485; 2004 жылы – 143 550; 2005 жылы – 142 500; 2006 жылы – 141 271; 2007 жылы – 128 064 жасалғандығы тіркелген [1].

Қылмыстық заңның қайта қабылдануы және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, осы қылмыс құрамын саралаумен байланысты мәселелер диссертациялық жұмыстың тақырыбын таңдауға себеп болды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазіргі қылмыстық құқықта азаптау үшін қылмыстық жауапкершілік проблемасына көптеген ғалымдар зейін қойып жүр. Мысалы, В.Г. Вениаминовтың диссертациялық деңгейде көңіл бөлгендігін ғылыми көздерге жасалған талдама көрсетіп отыр.

Азаптау үшін жауапкершіліктің қылмыстық-құқықтық аспектісін А.А. Калашникова, П. Константинов, И. Портнов, А.Д. Тартаковский, Г.И. Чечель, Р.Д. Шарапов және басқалар өз жұмыстарында атап өткен.

Сонымен қатар, Г.А. Аванесов, С.Н. Авельцев, Ю.М. Антонян, С.Д. Дерябин, В.Е. Квашиш және басқалар азаптауды криминологиялық деңгейде зерттеген.

Жұмысты жазу барысында С.В. Бородин, Л.Д. Гаухман, А.З. Жалинский, А.А. Жижиленко, Н.И. Загородников, А.Н. Красиков, Б.С. Никифиров, А.А. Пионтковский,

Э.Ф. Побегайло, С.В. Расторопов, Н.С. Таганцев, М.Д. Шаргородский, С.Я. Лебедев сияқты ғалымдардың еңбектері зерделеніп, олар сын көзбен қаралып тиісті баға берілді. Отандық ғалымдардың арасынан Н.М. Абдиров, А.Н. Ағыбаев, Е.О. Алауханов, Р.Е. Джансараева, Е.И. Қайыржанов, А.Х. Миндагулов, Г.С. Мәуленов, Г.Р. Рустемова, Н. Дулатбеков, Р.Т. Нұртаев, Н. Сұлтанова, А. Смағұлов, М.М. Оразалиев және басқалардың еңбектерін атап өтуге болады.

Сонымен қатар, азаптағандық үшін қылмыстық жауапкершілік проблемасы қылмыстық құқық теориясында толықтай зерттелген жоқ. Ал, мұндай қылмыс үшін жауапкершілік көзделетін заңнаманы жетілдірудің және оны практикада қолданудың маңызы зор, ол диссертациялық деңгейде зерттеуді қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті. Зерттеудің мақсаты зорлықшыл қылмыстарды криминологиялық санат ретінде қарастыру:

- азаптағандық үшін жауапкершілік туындауының тарихи аспектісін зерделеу;

- бұл қылмыстық құрамның денсаулыққа қарсы қылмыстар жүйесіндегі орны мен ролін анықтау;

- сондай-ақ бұл нормалар мен оларды қолдану мәселелеріне түсініктеме берумен байланысты проблемаларды зерделеу;

- заңдарды жетілдіру және оны практикада қолдану жөнінде ғылыми-негізделген ұсыныстар жасау және оларды құқық қорғау органдарының жұмысына енгізу.

Осы қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу барысында мынадай міндеттерді шешуге талпыныс жасалды:

- қылмыстың дербес құрамы деп танылып азаптау үшін жауапкершіліктің революцияға дейінгі Ресейдің және қазіргі Қазақстанның қылмыстық заңдарында даму үрдісін көрсету;

- ұғымдарды анықтау үшін азаптауға тән міндетті белгілер шеңберін анықтау;

– бұл қылмыс құрамының объективтік және субъективтік белгілеріне талдау жасау;

– азаптау қолданылатын қоғамдық қатынастардың шеңберін анықтау және бұл қылмыс құрамының конструкциясын белгілеу;

– азаптаудың әрбір саралаушы белгілерінің орны мен рөлін анықтау, бұл әрекеттің саралаушы түрлерін толықтыру туралы ұсыныстар енгізу, сондай-ақ олардың кейбірін алып тастау туралы да ұсыныс енгізу.

Азаптағандық үшін жауапкершілік туралы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар даярлау, бұл қылмысты саралаудың неғұрлым даулы мәселелерін ашып, оны шешудің жолдарын белгілеу.

Зерттеудің пәні. Зорлықшыл және оның Алматы қаласы мен, Ақтөбе облыстарымен салыстырғандағы үрдісі, оның ерекшеліктері мен детерминанттары, оның ішінде зорлықпен агрессияның өсуіне ықпал тудыратын үрдістер, зорлықшыл қылмыскердің жеке басы, қылмыстардың алдын алатын құқық қорғау органдары мен басқа субъектілердің қызметі.

Зерттеудің нысаны ретінде азаптау сияқты қылмыстық қастандықтан азаматтардың денсаулығын қорғауды жүзеге асыру көзделген қоғамдық қатынастар жиынтығы алынады.

Азаптағандық үшін жауапкершіліктің қылмыстық-құқықтық нормалары, қылмыстың бұл құрамын қолдану жөніндегі сот практикасы, сондай-ақ бұл саладағы ғылыми ізденістер мен қылмыстық заңдарды жетілдіру үрдістері зерттеу нысанын құрайды.

Негізгі тұжырымдар:

1. Қылмыстың объективтік жағының сандық сипаттамасы әрекетті 107-бап бойынша саралауға негіз бола алмауы себептерінен, азаптағандық үшін жауапкершілік туралы қылмыс құрамындағы “ұдайы” ұрып-соғу термині артық болып табылатындығы жайындағы тұжырымды алып тастаудың қажеттілігі.

2. Күш көрсету және психикалық күйзеліске түсіруді

көздеген арнайы мақсат — азаптаудың субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде табылады.

3. Азаптаудың тікелей нысаны — денсаулыққа зиян келтіру емес, өзінің салдары бойынша жалпы еңбек қабілеттілігін жоғалтуға әкеп соқпаған зиян.

4. Жас адамдарға қатысты қылмысты өздері жасайтын немесе қылмыс солардың көзінше жасалатын ата-аналар, қамқоршылар болып танылатындықтан азаптаудың субъектісі «арнайы субъект» ретінде танылуы тиіс.

5. ҚР ҚК-нің 107-бабында көзделген қылмыс құрамы өзінің конструкциясы жағынан материалдық қылмыс ретінде табылады.

6. Азаптау субъективтік жағы бойынша: тікелей де, жанама да ниетпен жасалады.

7. Азаптау кезінде қару қолданылса айыптының әрекетін ҚК-нің 107-бабы мен 251-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстардың жиынтығы бойынша саралау керек.

8. Егер жәбірленушіні дәрменсіз жағдайға айыптының өзі алып келсе, онда оның әрекеті 107-баптың 2-б «в» тармағы бойынша саралануға тиіс емес. Бұл жағдайда айыпты әрекеті 107-баптың 1-бөлігі бойынша саралануы керек.

9. Ұрланған немесе аманатқа алынған адамды азаптау, мұндай пиғылдың қашан туындағанына қарамастан, 107-баптың 1-немесе 2-бөліктері мен 125-баптың 1- немесе 2-бөліктеріндегі, не 234-баптағы қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануға тиіс. Егер азаптауды адам ұрлауға немесе оны аманатқа алуға қатыспаған, бірақ оны ұстап отыруға қатысқан адам жасаса, онда ол азаптау бостандықтан заңсыз айыру деп танылып 126-баппен жиынтықта саралануы керек.

10. 107-бап «Азаптауды» мынадай редакцияда беру:

1. Азаптау, яғни жәбірленушіге күш көрсету және психикалық азап көрсету мақсатында қасақана зорлық әрекет жасау немесе әрекетсіздік көрсету, сондай-ақ осы кодекстің 103-104-баптарында көрсетілген салдарларға алып келмеген мұндай азаптауды ұзақ уақыт көрсету — жазаланады.

2. Осындай іс-әрекет:

- а) екі және одан көп адамдарға қатысты;
 - б) айыпталушы оның жүкті екендігін білмей әйелге қатысты;
 - в) құқық бұзушыларға немесе айыпты үшін көрінеу дәрменсіз жағдайда не оған материалдық немесе өзгедей тәуелділіктегі, сондай-ақ ұрланған немесе аманатқа алынған адамдарға қатысты;
 - г) қинау қолданылып;
 - д) алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен;
 - е) ұлттық, нәсілдік, діни араздастық немесе қастандық себепті;
 - ж) жас сәбиге қатысты, сондай-ақ оның көзінше ата-ананың, қамқоршының өзімен;
- з) айыптының тәрбиесімен айналысқан ата-анаға, қамқоршыға қатысты оның өзімен жасалуы, — үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ... жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген және абайсызда адам өліміне алып келген іс-әрекет — бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ... жазаланады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Азаптау қылмыстық жауапкершілік мәселелері заң нормаларын қолдануға байланысты ғылымда және тәжірибеде көптеген пікірталастар тудыруына байланысты жасалынған арнайы кешенді криминологиялық зерттеу болып табылады.

Қылмыстық заңдарды жетілдіру жөнінде, сондай-ақ бұл қылмыстарды өзінше бөлек қарастырып саралаумен байланысты ұсыныстар даярлаған. Зерттеліп отырған құрамның ғылым мен практика үшін маңызы бар кейбір саралаушы белгілерінің басымдығын анықтаған. Автор азаптаудың қинау сияқты белгілеріне баса назар аударған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы, сонымен қатар, қорғауға ұсынылған тұжырымдарда көрініс тапқан.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы

сонда, бұл жұмыс азаптау сияқты зорлықты қылмыстың ауқымды қылмыстық-құқықтық зерттеуі болып табылады. Автордың ҚК-нің 107-бабында көзделген қылмыстар құрамына жүргізген талдауы бұл қылмыстық әрекеттің қандай қоғамдық қатынастарға қарсы жасалатындығын, оның жасалу тәсілін, субъективтік жағының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Саралаушы белгілердің орны мен рөліне қатысты басымдылықтар анықталды, соған қарай автор бірқатар проблемалардың бетін ашып, ғылыми қызығушылық тудыратын ұсыныстар енгізді.

Азаптаудың “қинауды қолданып” жасалынатын түріне ерекше назар аударылды. Зерттеу барысында жасалынған тұжырымдар мен ұсыныстар алдағы ғылыми ізденістерде пайдаланылуы мүмкін. Олардың, сонымен қатар, заңдарды жетілдіруде де, құқық қорғау органдарының жұмысында да қажет болатындығы сөзсіз.

Зерттеу нәтижелері “Қылмыстық құқық”, “Криминология” курстарын, қылмыстармен күрес проблемалары жөніндегі арнайы курстарды оқытқанда да қолданылуы мүмкін.

Зерттеудің методологиялық және әдістемелік негіздері.

Зерттеу ғылыми танымдық теория мен тәжірибенің өзара байланысын анықтайтын диалектикалық әдіске негізделген.

— тарихи-құқықтық — зорлықшыл қылмыстарды зерделудің және оның алдын алудың тарихи тәжірибесін зерделуге қатысты;

— салыстырмалы құқықтану, оған зорлықшыл қылмыстардың қылмыстық-құқықтық тәсілдер арқылы сақтанудың шетел заңдарының оң тәжірибелерінің талдамалары кіреді;

— формальды-логикалық, оның мәнісі қылмыстың алдын алудың азаптауға байланысты қылмыстық-құқықтық тәсілдерінің белгілерін жан-жақты талдауда;

— статистикалық зорлықшыл қылмыстар туралы статистикалық мәліметтерді жинақтауды және талдауды қамтиды;

— сауалнама тарату — Ақтөбе облысындағы жасаған

қылмыстар туралы қылмыстық істер сауалнамалары және арнайы бағдарламалар негізінде ішінара зерделеу;

— сұхбаттасу — зорлықшыл қылмыс жасаудың сылтаулары мен себептерін айқындау мақсатында құқық бұзушылармен әңгімелесу;

— аталған аймақтардағы Ішкі істер органдары қызметкерлеріне жауап алу арқылы сараптық баға беру.

Жоғарыда көрсетілген әдістердің жиынтығы ретінде бұл зерттеу әдістемесі, қарастырылған проблеманы қозғайтын нормативтік көздерді де қамтиды.

Зерттеудің нормативтік базасын отандық қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, әкімшілік және қылмыстық-атқарушылық заңнамасы, адамдардың қылмыстылығымен күрес мәселесін реттейтін заңдар мен ведомостволық нормативтік-құқықтық актілер, бірқатар шетелдердің қылмыстық заңдарды, адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесіне қатысты халықаралық-құқықтық актілер құрайды.

Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдардың шындығы тандап алынған әдістемелік, методологиялық және нормативтік базаларға негізделген.

1. АДАМНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ (АЗАПТАУДЫҢ) ҚЫЛМЫСТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕГІ (СИПАТТАМАСЫ)

1.1 Адамның жеке басына қарсы қылмыстар (азаптау) туралы заңдардың дамуы

Адамның денсаулығына зақым келтіретін қылмыстар адамзат тарихымен бірге жасап келе жатыр. Сондықтан да, адамның денсаулығын қорғау қазіргі таңда қылмыстық құқықтың ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Отандық әдебиетте адам денсаулығын қылмыстық-құқықтық қорғау мәселесіне әрқашанда баса назар аударып отырады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы Ресей мемлекетінің даму тарихымен етене байланыста. Қылмыстық заңнаманың алғаш туындаған кезінде қылмыстың ауыр формалары ғана есепке алынды, бірақ “келе-келе адам денсаулығын жан-жақты қорғау мақсатында қылмыстық озбырлықтың басқа жақтары да қарастырылды” [2. 5 б.].

“Азаптау” ұғымы пайда болғанға дейін адамға күш көрсеткені және психикалық ықпал жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік азаптаудың нышаны бар басқа қылмыстар құрамында көзделді. Ал, қылмыстың өзінше дербес құрамы ретінде азаптау кейін бөлінді [3. 101 б.].

Қылмыстың бұл түрі ежелгі замандағы патшалар кезінен бастау алады, олар ешқандай заңға сүйенбестен өз қарсыластарын азаптаған, қинаған [4. 120 б.].

Денсаулыққа зақым келтіретін қылмыс жайында Русьте ұлы князьдар Олег (911 ж.) пен Игорьдың (945 ж.) гректермен жасасқан шарттарында алғаш рет айтылады. Бұл шарттарда “адам денсаулығы қоғамдық игілік емес, жеке адамның өз игілігі, сондықтан оны қорғау—оның өзінің немесе оған мүдделі адамдардың міндеті”, — деп көрсетілген [5. 45 б.].

Тарихшылар “Орыс заңы” деп атаған Олег шартында (911ж) негізінен денеге зақым келтіргендік үшін жауапкершілік көзделген. “егер орыс гректі немесе грек орысты қылышпен немесе найзамен жарақаттаса, ол өзінің кінәсін жуу үшін “Орыс заңы” бойынша бес литр күміс төлеуге тиіс” делінген. Көптеген зерттеушілер мұны заң актісі емес, Русьте қалыптасқан тәртіп деп санайды. Дене жарақаты үшін жауапкершіліктің мұндай нормалары Игорьдың шарттарында да (945 ж.) болды [5. 48 б.].

Ежелгі Русьтің қылмыстық құқық нормалары бар және бізге дейін жеткен заң актісі — “Русская правда” (XI ғ.). Ол князьдіктердің жарғыларынан, әдет құқықтарынан, нақты сот үкімдерінен құрастырылды. онда дене жарақатын алғандық үшін жауапкершілік нормалары қарастырылды, тіптен кейбір жағдайларда қанды кекке рұқсат етілді [5. 49 б.].

Денсаулықты корғау Русьте жеке мүддеден біртіндеп мемлекеттің қылмыстық-құқықтық құралдармен корғайтын қоғамдық игілікке айналды. Мұндай корғаудың дәрежесі жәбірленушінің қоғамдағы әлеуметтік жағдайына байланысты болды. “Русская Правда” алғашқы нұсқаларында денеге зақым келтіргендік үшін жауапкершілік көзделген: “Егер жәбірленген адам өзіне көрсетілген қорлықтың қайтарымын өз бетінше ала алмаса, оған 3 гривна айыппұл төленеді” делінген [6. 23 б.]. Яғни бұл заң актісінде өш алу немесе ақшалай айыппұл салу бірдей көзделген [6. 24 б.]. Егер қолындағы қатты затпен ұрып дене жарақатын салса, ол үшін 12 гривна төлейтін болған [6. 27 б.].

Ал бұл “Русская Правда” “азаптау” термині кездеспейді, соған қарап бұл термин кейін пайда болған деген тұжырым жасауға болады. Бірақ автор бұл қылмыстың сол кезде-ақ денеге басқа жолдармен зақым келтіру арқылы болғанын айтады.

Новгород және Псков губернияларында сот грамоталары деп аталатын екі ірі заң актілері жарық көрді, оның біреуінің 42 бабы бізге жетті. Ал, “Псков сот грамотасы” (1397 жылғы) неше қайтара толықтырылып толықтай сақталды. 111-бапта талапкерге сотта жарақат салғаны үшін жауапкершілік белгіленген: “Мырза алдында талапкерді ұрған адам ақша төлейді” делінген [7. 112 б.].

Мұндай нормалар кейін “Двина жарғы грамотасында” да болды (1398 ж.), оның 1-бабында “денені қанатқаны үшін отыз бел, көгерткені үшін он бес бел” көзделді [8. 204 б.].

XV ғасырда Русьте, орталықтандырылған мемлекет құрыла бастағанда заңнаманың жаңа формасы – Судебник пайда болды. Алғаш, 1497 жылы Иван III-нің Судебнигі, 1550 жылы Иван Грозныйдың Судебнигі пайда болды, олар зорлықты әрекеттердің “Русская Правда” берілген құқықтық сипаттарын қалдырды. Бұл нормативтік актілер құқықтың бірнеше саласының (азаматтық, қылмыстық, іс жүргізу және т.б.) нормаларын қамтыды, бірақ денсаулыққа

қарсы қылмыстар жайында сөз қозғамады. Дегенмен, Судебниктерде адамның жеке басына қарсы қылмыстар, оның ішінде азаптау өзінше бөлек алынған деген пікірлер бар [9. 45 б.].

Алексей Михайлович патшаның 1649 жылғы “Соборное Уложение” жинағы елеулі нормативтік актіге жатады. Онда орыстардың жазба құқықтары бір жүйеге келтірілді, “әртүрлі дәрежедегі дене жарақаты қылмыстық жазаланатын әрекетке жатқызылды, бірқатар нормаларда “зорлықты” терминдері пайдаланылды” [10. 68 б.].

“Уложениеде” камшы, таяқ және басқа жанға бататын құралдар қолданғандық (11-бап) және жөбірленушіні қинағандық үшін (12-бап) жауапкершілік көзделді.

Бұл заңға қайшы әрекеттерде, өздерінің жасалу тәсілдері мен сипаты жағынан азаптауға ұқсас құрам бар (ҚР ҚК-нің 107-бабы), ондай әрекет үшін жауапкершілік талион принципі бойынша көзделген: “Біреуді азаптаған адамға сондай жаза қолданылады” [11. 160 б.].

Патшалық Ресейдің экономикалық дамуы, батыс елдеріне еліктеу, халық санының өсуі заңдардың жетілдірілуін талап етті.

Мысалы, Петр I-дің кезінде қылмыстық-құқықтық сипаттағы 392 жарлық шықты. Қылмыстық-құқықтық нормалар, сонымен қатар, жалпы актілерге де кіргізілді. Мұндай заң актілерінде мемлекеттік - көпшілік мүдделер басым болды, адам денсаулығына қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік те қарастырылды [12. 112 б.].

Ал, 1715 жылғы “Артикул воинский” заң тұрғысынан өте сауатты жасалған еді, оны тек әскерилерге ғана емес, жәй азаматтарға да пайдалануға болатын. Бұл артикул “Соборное Уложениемен” қатар жүрді, олар XVIII ғасырдың басынан аяғына дейін күшін жоғалтпады. “Воинский Артикульде” адам денсаулығына қарсы қылмыстардың құрам саны көбейді. Шапалақпен тартып жіберіп адамды мұқату (145-арт.), сондай-ақ камшымен, шыбыртқымен ұрып дене жарақатын салу (146-арт) сияқты жазалау шаралары бөлек қарастырылды [13. 25 б.].

“Воинский-Артикульге” сот-медициналық сараптаманы жүргізу туралы ережені кіргізу адам денсаулығына зақым келтіргендік үшін жауапкершілік қарастырылған заңды жетілдірудегі маңызды оқиға болды: “Мәйітті кескен емші өз көргенін сотқа жазба түрінде ұсынуға тиіс” (154-арт) [13. 28 б.].

Екатерина II-нің “Наказы” да XVIII ғасырдағы қылмыстық құқықтың маңызды көзіне айналды, онда адамның қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар бөлініп алынды. Ол кезінде онша бағаланбағанмен, XIX ғасырдың басында оның көмегі көп болды.

XVIII ғасырдағы абсолюттік монархия кезінде қылмыстық-құқықтық ұғымдар, нормалар мен институттар едәуір жаңғырды. Ресейдің адам денсаулығына қарсы қылмыстар туралы заңнамасы сегіз ғасырда қылмыстық озбырлықтан сақтанудың құқықтық құралдары мен әдістерінің белгілі бір жүйесіне айналды.

1830 жылы Николай I-дің кезінде М.М.Сперанскийдің басшылығымен “Ресей империясы заңдарының толық жинағы” дайындалды (51 том), онда барлығы 53239 теориялық көздер болды және де 15 томдық “Ресей империясының заңдар жинағы” жарық көрді. “Заңдар жинағының” XV томындағы қылмыстық құқық нормалары Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлінді, олар 1833 жылдың 31 қаңтарында күшіне енді. Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік туралы баптар ең соңында келтірілді. Денеге зақым келтіру және жарақат салу ажыратылды. Адам қандай да бір мүшесін жоғалтса немесе мүше жансызданса – зақым келтіру, ал бір жерді қанатып, көгертсе – жарақат салу деп бөлінді [5. 154 б.].

1845 жылы 2224 баптан тұратын “Қылмыстық және атқарушылық жазалар туралы Уложение” қабылданды. Ол Ресей заңнамасын едәуір дамытып, заң ғылымы мен практикасына елеулі үлес қосты. Ол барлық қылмыстық заңдардың басын қосып, оларды бір жүйеге келтірді. Адам денсаулығына қарсы қылмыстар өзінше жеке топқа бөлінді [14. 152 б.].

Мысалы, “Жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығына және ар-ожданына қарсы қылмыстар туралы” Х тарауда (1477-1496-баптар) “Денсаулыққа зақым келтіру, жарақат салу және басқа зиян келтіру” деп аталатын 3-тармақ қарастырылған. Заң шығарушы құқыққа қайшы әрекеттерді адам денсаулығына қатысы бар нысандар бойынша біріктірген, бұл мән-жай адамның жеке басына қылмыстық-құқықтық қорғау нысаны ретінде қарау керектігін көрсетеді. Зақым келтіру ауыр (1477) және жеңілдеу (1478-б.) болып бөлінді. Жарақат салу да ауыр (1481) және жеңіл (1482) деп топтастырылды. Бұлармен қатар денсаулықты бұзу дейтін әрекеттер де қарастырылды (1486-1487-баптар) [15. 84 б.]. Төбелес немесе дау-дамай кезінде денеге жарақат салудың кейбір мәселелері де қарастырылды (1485-бап), ол қазіргі Қазақстан заңнамасындағы бұзақылық пиғылымен ұрып-соғуға ұқсас [16. 224 б.].

“Уложениеде” азаптау ұғымы қолданылды, оны қинау және қатыгездік арқылы түсіну керек еді. Бұлардан келетін күйзеліс жәй ұрып-соғудан, тіптен таяққа жығып тастаса да, ауыр деп саналды. Сондықтан да “Уложение” қинау мен қатыгездікті қылмыс деп саралағанда денсаулыққа зақым келген-келмегендігіне назар аудармады.

Зерттеуші бұл “Уложение” бойынша адам денсаулығы бұрынғы қылмыстық заңдарға қарағанда нақтырақ қорғалды, бірақ онда көптеген “басы артық”, бір-біріне өте ұқсас белгілер болды деп санайды. Бұл заңнама 1917 жылдың қазан айына дейін күшін жойған жоқ. Онымен қатар қолданылған 1903 жылғы “Қылмыстық уложениенің” “Денені жарақаттау және адамға зорлық көрсету туралы” XXIII тарауы адам денсаулығына қарсы қылмыстарға арналды [17. 147 б.].

1903 жылғы “Уложениеде” адамның жеке басына қарсы қылмыстар екі түрге бөлінді: денені жарақаттау және адамға зорлық көрсету, қасақана ұрып-соғу. “Ұрып-соққанмен денеге ешқандай із қалдырмайтын, қысқа уақытқа жан күйзелетін әрекеттер адамға зорлық көрсету болып табылады” дейді Н.С.Таганцев. Бұл әрекеттер адам денсаулығына зақым

келтірумен салыстырғанда қоғам үшін онша қауіпті емес қылмыстар қатарына жатқызылған, олар қылмыстық заң қорғайтын мүдделердің қосымша нысанына жатады [18. 191 б.]

1919 жылғы 12 желтоқсанда Ресейдің Қылмыстық істер бойынша басшылыққа алатын бастамасы басылып шықты, бірақ ол қылмыстық заң емес еді, себебі онда қылмыстардың нақты құрамдары қарастырылмаған, дегенмен қылмыстық-құқықтық ұғымдар жүйеге келтірілген болатын.

Қылмыстық заңнаманың дамуындағы келесі белес – РКФСР қылмыстық Кодексінің шығуы еді (1922 ж.). V тараудың “Денені жарақаттау және адамға зорлық көрсету” деп аталатын 2 тармағы денсаулыққа қарсы қылмыстарға арналды. Бұл Кодекс дене жарақатын үш санатқа бөлді:

- ауыр
- орташа ауыр
- жеңіл.

Бұл ретте Кодекс жеңіл дене жарақатына қандай да бір анықтама берген жоқ, оның белгілерін көрсетпеді.

Бірақ, ауыр және орташа ауыр дене жарақаты деген ұғымдарға сүйене отырып жеңіл дене жарақатына өмірге қауіпті емес, денсаулықты аз уақытқа ғана бұзатын немесе денсаулықтың бұзылуына қатысы жоқ жарақатты жатқызуға болады.

Біздің зерттеу үшін керектісі – “қасақана ұрып-соғу немесе жанға бататын өзгедей зорлықты әрекеттер” (157-б.). Бірақ ұрып-соғу ұғымы сол қалпы ашылмай қалған, “азаптау” және “қинау” терминдері саралаушы белгілер ретінде қолданылған.

1922 жылы “Жарақаттың ауырлығы туралы қорытынды жасау Ережесі” қабылданғаннан кейін қылмыстық-құқықтық нормалардың мәнін толықтай ұғынуға, оларды практикада дұрыс қолдануға мүмкіндік туды.

Отандық зерттеушілердің пікірінше, денсаулыққа қарсы қылмыстарды 1922 жылғы Қылмыстық Кодекс бойынша құқықтық регламенттеуде жан-жақтылық, нақтылық бар көрінеді.

1927 жылдан бастап Ресейде жана Кодекс (1926 жылғы)

күшіне енді. Адамның өміріне, денсаулығына, ар-ожданына, бостандығына қарсы қылмыстардың барлығы түгелдей VI тарауда берілді.

Бұл Кодекс дене жарақаттарын ауыр (142-б) және жеңіл (143-б.) деп екіге бөлді. Дененің көгергенінен аяқ-қолдың сынғанына дейінгі әртүрлі ауырлықтағы жарақаттар жеңіл деп саналды. Денеге бәлендей бір қол тигізу емес, адамға жан күйзелісін келтіру ғана зорлықты әрекетке жатқызылды. Ұрып-соғу денсаулыққа қарсы қылмыстардың ерекше тобын құрады (146-б.).

Баптың диспозициясынан көріп отырғанымыздай, бұл жерде “ұру” және “соғу” деген, мәні жағынан өте жақын екі термин алынған, қылмыстық заңнамада олардың қандай ұғым беретіндігі ашылмаған. 146-баптың 2-бөлігінде азаптау ұрудың, соғудың және жанға бататын басқа да зорлықты әрекеттердің саралаушы түрі ретінде қарастырылған.

Адамға қарсы қылмыстарды криминалдаудағы олқылықтар заң аналогиясын қолдану жолымен толықтырылды (1922 жылғы Кодекстің 10-бабы және 1926 жылғы Кодекстің 16-бабы). Сол себептен де ол кезеңнің қылмыстық заңнамасы бірқатар қылмыстық-құқықтық ұғымдардың болмағандығынан қиындық көрген деп санайды зерттеуші.

Адам денсаулығына қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік көзделген заңнаманың дамуындағы елеулі кезең — 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің қабылдануы еді.

Бұл Кодекс бойынша дене жарақаты қайтадан үш сатыға бөлінді. Еңбек қабілетінің едәуір жоғалуына алып келмейтін дене жарақаты ауырлығы орташа жарақатқа жатқызылды (94-бап). Аталған кодекстің 97-бабында жеңіл дене жарақатын салғандық үшін жауапкершілік қарастырылды [19. 137 б.].

Ресей Қылмыстық Кодексінің 112-бабына қарағанда (онда мұндай нормалар жоқ) Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 99-бабында ұрып-соғу және азаптау үшін қылмыстық жауапкершілік көзделді.

“Адамға зорлық көрсету” ұғымы 1959 жылғы Кодексте

азаптаумен байланыстырылды. “Азаптаудың” құрамы кеңес дәуіріндегі қылмыстық заңнама үшін мүлде жаңа еді, ол 99-бапта көрініс тапты. Азаптауға “қасақана ұрып-соғу және жанға бататын басқа да зорлықты әрекеттер” деген анықтама берілді. Бұл Кодексте ұрып-соғу мен азаптау біртұтас ұғым болды.

Қазақ КСР Қылмыстық Кодексіне берілген түсініктемеде азаптау денеге жеңіл жарақат салу тәсілі деп ұғындырылды.

1977 жылы азаматтардың денсаулықты қорғау құқығы алғаш рет КСРО Конституциясында бекімін тапты (42-бап). ҚР Конституциясы (1995 ж.) зорлықты қылмыстардың алдын алудың оңтайлы жолдарын іздестірудің жаңа кезеңі болды, себебі онда адамның туғаннан өлгенге дейінгі өміріне, денсаулығына, жеке басына қол сұқпауға құқығы жарияланды.

Адам денсаулығына зиян келтіргендік үшін жауапкершілік көзделген қылмыстық заңнамада зорлықты қастандықпен күрестің бірқатар қылмыстық-құқықтық жолдары қарастырылды. 1997 жылғы Қылмыстық Кодекс қылмыстық Заңдарды ҚР Конституциясына және халықаралық нормаларға сәйкестендіруге тиіс болды. Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстардың құрамына баса назар аударылды.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес бұл қылмыстар тобының орналасу реті де өзгерді. ҚР ҚК Ерекше бөліміндегі I тарау “Адамға қарсы қылмыстар” деп аталды.

Ұрып-соғу және азаптау сияқты қылмыстар құрамы өзгертілді, олардың біріншісі өзінше құрамға бөлінді, кейін мүлде алынып тасталды [20. 68 б.].

Азаптағандық үшін жауапкершілік көзделген қылмыстық заңнаманың даму тарихын талдай және қорыта келе оның ұзақ сүрелі жолдан өткендігін көреміз. Ол “Русская Правдадан” бастау алады, ал азаптау термині алғаш 1845 жылғы “Уложениеде” қалыптасқан болатын.

Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық заңнамасында оларға қатысты толығырақ сипаттама берілген,

дегенмен азаптағандық үшін жауапкершілік көзделген нормаларды тәжірибеде қолданумен байланысты бірқатар мәселені туындатып отыр.

Бұл саладағы зерттеу осы тақырып бойынша нақты ұсыныстар мен тұжырымдар жасай отырып, заңды дұрыс қолдану үшін қандай-да бір өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

1.2 Адамға қарсы зорлықты қылмыс ретінде азаптау ұғымына және оның белгілеріне қазіргі көзқарас

Адамның өмірін, денсаулығын, денесіне қол жұмсалмауын және бостандығын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарға жасалатын барлық қастандықтардың басым көпшілігі күш қолданылып, кейбір жағдайларда психикасына қысым көрсетіліп жасалатын қылмыстар [21. 5 б.].

Қылмыстылық — адамның мінез-құлқы нысандарының бірі, ал қылмыс — адамның саналы түрде жасаған әрекеті, нақты қылығы. Адамның тұлғасын сипаттайтын қасиеттердің бәрін біліп алмай, жеке адам қылмысының себебін немесе жалпы қылмыс себебін біліп-түсіну мүмкін емес.

Криминология ғылымы адам қылмыскер болып тумайды, қылмыстылық тұлғаның қалыптасу кезеңіндегі жайсыз жағдайлардың салдарынан пайда болады деп пайымдайды. Алайда жайсыз жағдайдың бәрі бірдей және әр уақытта қылмыстық мінез-құлық тудырады деп ойлауға болмайды. Адам іс жүзінде өзінің психологиялық табиғатына сай келетін шарттар мен факторларды тандап алып және оны белгілі бір дәрежеде игереді.

Қылмыскер тұлғасы — қылмыстылыққа итермелеуші әлеуметтік өмір жағдайы мен осы жағдайдың салдарынан болған қылмыстың арасын жалғастырушы буын болып саналады.

Криминология ғылымы қылмыскер тұлғасы деп —

қылмыстық заңды басқа жағдайлармен және мән-жайлармен қоса адамды кінәлі ететін, осылайша оның қоғамға жат қылықтарына әсер ететін әлеуметтік және әлеуметтік мәні қасиеттердің, белгілердің, қатынастардың жиынтығы деп таниды.

Қылмыскердің тұлғасы өзінің бағыттылығы арқылы көзқарас пен бағдар мазмұнымен, қажеттік деңгейі мен шеңберімен ерекшеленеді. Алайда осындай жағдайға қарап, қылмыс жасаған адамдардың барлығында бірдей қоғамға жат көзқарас пен бағыт-бағдар бар деп ойлауға болмайды. Мұндайлар болмағанның өзінде де қылмыскердің тұлғасы мен оның қылмыстық мінез-құлық себептерін зерттеудің қажеттігі күн тәртібінен алынып тасталмайды. Дегенмен қылмыскерлердің басым көпшілігі осындай ерекшеліктермен көзге түседі.

Қылмыскердің тұлғасы – криминология нәрсесі ретінде, мұндай тұлға әлеуметтік мәні бар жеке-нақты объекті ретінде немесе жалпы әлеуметтік тип ретінде қарастырылуы тиіс пе деген пікірталас тудырды.

Қылмыс жасаушы адамдар әртүрлі белгілер бойынша бір-бірінен ерекшеленеді, олардың әрқайсысы өзінше жеке-дара. Сонымен қатар қылмыс жасаушы барлық адамдарды ортақ бір немесе бірнеше белгілер сипаттайтын топтарға (типтерге) топтастыруға болады.

Криминологияда типологияны қылмыстық іс-әрекеттің біртекті (типтік) үлгілерін оның неғұрлым ортақ моделіне (типіне) келтіру деп түсінеді [22. 102 б.]. Бұл ретте ең алдымен неғұрлым маңызды криминологиялық немесе қылмыстық-құқықтық белгілер: криминалдық сылтаунама, криминогендік бұзылу немесе қоғамдық қауіптілік дәрежесі, қаншалықты бойға сіңгендігі, бағыттылық сипаты ескеріледі. Адамның басқа да қасиеттері назарға алынады.

Типология – қылмыскерлердің неғұрлым тереңірек сипаттамасы болып табылады. Ол зерттелетін қылмыстық әрекеттің тууы мен дамуының тегін, себебін, заңдылығын ашуға, болжам жасауға мүмкіндік береді. Қылмыскердің

жеке басын типологиялаудың тәжірибелік мәнін, ең алдымен, сақтандыру және жазалау-тәрбиелеу шараларын бөліп қарастыру, кейбір тергеу мәселелерін шешу, қылмыстық қылықтың кейбір типтерін айқындап талдау, сондай-ақ бұл қылықтарды адамның кейбір ерекшеліктері арқылы түсіндіру мүмкіндіктерімен байланыстырады [23. 40 б.].

Қылмыскер тұлғасы кез келген адам тұлғасы сияқты белгілі бір құрылымға — өзара байланысқан және өзара әрекеттес элементтер тобына ие болатын тұтастай құрылым болып көрінеді. Қылмыскер тұлғасының құрылымын зерттеу — элементтер мен құрылымдар арасындағы байланыстардың өзгерістері тұлғаның түбірімен қайта жаңғыруымен парпар болатындықтан, оның мінез-құлқындағы қозғалмалы күштеріне жақындасып, танып-білу.

Қылмыскер тұлғасының құрылымын анықтау барысында оны басқа адамдармен араласу нәтижесінде және өз кезегінде белгілі бір істің; танымның, қарым-қатынастың субъектісі ететін әлеуметтік мәні бар қасиеттер жиынтығын иеленуші деп қарау керек.

Қылмыскер тұлғасын танып-білу тұлғаның құрылымы мен оның жүзеге асырылатын элементтері арасындағы қалыптасатын қоғамдық қатынастарды талдау арқылы ғана мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының өзі бірқатар құрылымдық бөліктерге бөлінеді, яғни қылмыскер тұлғасын төмендегі блоктардан (жүйелік бөліктерден) құралатын жүйе ретінде қарастыруға болады:

- 1) қылмыскер тұлғасының демографиялық блогы;
- 2) қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-мәдени блогы;
- 3) қылмыскер тұлғасының экономикалық блогы (қоғамдық өндіріс жүйесіндегі жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуінің деңгейі);
- 4) тұлғаның әлеуметтік институттарға қатысты блогы (серіктестік қатысы, әлеуметтік институттарға арқа сүйеушілік, дұшпандық қатынастары, олардың қызметінің шырқын бұзуға ұмтылысы);